

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Фитохимия институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қыркүйектегі N 953 Қаулысы.

Отандық фармацевтикалық өнімнің инвестициялық және өндірістік әлеуетін дамыту, экспортқа бағдарлануы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Фитохимия институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні мыналар болып белгіленсін:

1) олардың негізінде жаңа материалдар мен препараттар алу үшін табиғи, оның ішінде өсімдік шикізатын зерделеу;

2) халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін дәрілік препараттарды шығару бойынша ғылымды қажетсінетін технологиялар мен техниканы жасау жөнінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және оларды өндіріске енгізу.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның Жарғысын бекітуді;

2) Қоғамды Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

3) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне беруді;

4) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

### 1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акциялардың мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің тізбесінде:

"Қарағанды облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 214-12-жолмен толықтырылсын:

"214-12. "Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 222-33-жолмен толықтырылсын:

"222-33. "Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" АҚ".

### 4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.